ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Х.ӨЗБЕКҒАЛИЕВ АТЫНДАҒЫ МАҢҒЫСТАУ ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

«Бекітемін»
Х.Өзбекғалиев атындағы
Маңғыстау политехникалық
колледжі басшысы
З.Е.Шолтанова
«__» _____ 2021 ж.

Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау политехникалық колледжі «Үздік топ жетекшісі - 2021» қашықтықтан өткізілетін байқауының ЕРЕЖЕСІ

Ақтау 2021

I. Жалпы ережелер:

1.1 Бұл Ереже Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау политехникалық колледжінде «Үздік топ жетекшісі- 2021» қашықтықтан өткізілетін байқаудың (ары қарай Байқау) тәртібі мен шарттарын айқындайды.

1.2 Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің «Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында, COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы» 01.04.2020 жылғы №123 бұйрығына сәйкес, қашықтықтан байқауға қатысатын топ жетекшілерінің жұмысын ұйымдастыру.

1.3 Бұл байқауды өткізу білім беру жүйесіндегі инновациялық қызметтің нысаналы дамуына, оқытушылардың кәсіби шыңдалуына ықпал етеді.

1.4 Байқауды ұйымдастырушы - колледждің тәрбие бөлімі және өткізу үшін комитет құрылады, құрамын колледж басшысы белгілейді.

1.5 Ұсынылған жұмыстарды сараптап, бағалау мақсатында Сарапшылар тобы құрылады.

1.6 Байқауға колледждің барлық топ жетекшілері қатысады.

1.7 Байқаудың өту формасы: қашықтық

II. Байқаудың мақсаты мен міндеті:

2.1 Байқауының негізгі міндеті - қазіргі қоғамдағы тәрбиенің рөлін арттыру, жалпы білім беру жүйесіндегі және колледждегі тәрбие үдерісін жетілдіру, тәрбие субъектілерінің құзырлылығын дамыту мақсатында және топ жетекшілері, ата - аналар мен студенттер арасындағы ынтымақтастықты нығайту, топ жетекшілерінің жұмысының нәтижесін бағалау бағытында ұйымдастырылады.

2.2 Байқауға қатысушылар өздерінің педагогикадан, психологиядан және әдістемеліктен білімін, педагогикалық еңбектен жоғары мәдениеттілігін, топ студенттерімен ата анамен жұмыс жасау бойынша жоғары білім деңгейін көрсетуі қажет.

2.3 Шығармашылықпен айналысатын жаңашыл, ізгі, толерантты ахуал туғыза білетін кәсіби деңгейі жоғары, шығармашыл және талантты топ жетекшілерін анықтау және қолдау көрсету;

2.4 Әртүрлі ақпараттық оқыту материалдарын пайдалану (мәтіндік, презентациялар, графикалық, медиа, суреттер, кестелер, инфографика және т. б.);

2.5 Қашықтықтан оқыту форматында тәрбие іс-шараларын ұйымдастыру;

2.6 Басқа да қолжетімді байланыс түрлері, оның ішінде мессенджерлер арқылы кері байланысты орнату.

III. Байқауды ұйымдастыру:

3.1 Байқау барысында колледждегі шығармашылықпен жұмыс істейтін топ жетекшісі анықталады.

3.2 Сарапшылар байқауға қатысушылардың кәсіптік шеберлігін, топ жетекшісі жұмысының жүйесі, тәрбиелеу және дамыту жұмыстарында қолданатын технологиялары;
3.3 Жеке тұлғалық қасиеттері (шығармашылығы, ерік-жігері, интуиция, ұйымдастырушылық қабілеті, қарым-қатынас жасау қабілеті, өзіндік белсенділігі), дәйектілігін, жан-жақты білімділігін бағалайды.

IV. Қатысушының педагогикалық қасиетінің тиімділігі мен нәтижелілігі төмендегі көрсеткіштер бойынша анықталады:

4.1 Педагогикалық, психологиялық және жалпы дидактикалық білімі.
4.2 Тәрбие жұмысының әдістемесі және тәрбие теориясы бойынша білімі.
4.3 Топтың сабаққа қатысу деңгейі, білім сапасы, топтан тыс іс-шаралардың өткізілу деңгейі, ұсақ құқықбұзушылыққа бармауы.
4.4 Жалпы мәдениеті мен білгірлігі, педагогикалық дүниетанымы – шешендік өнері, көпшілік алдында өзін - өзі ұстау мәдениеті.

V. Ұйымдастыру комитетіне құжаттарды ұсыну тәртібі:

Байқауға қатысу үшін төмендегідей құжаттар ұсынылады:
5.1 Топ жетекшісінің қатысу туралы өтінімі.
5.2 Топ жетекшісі портфолиосы *(Портфолионы безендіру, қажетті бағдарламаға салу куратордың шығармашылық деңгейіне байланысты ерікті түрде, автордың өз қалауымен жүзеге асырылады)*
Топ жетекшісі портфолиосында болуы тиіс негізгі құжаттар тізімі:
► Топ жетекшісі туралы қысқаша мәлімет (оқу орнының атауы, жетекшінің аты-жөні, лауазымы, санаты, жетекшілік жасайтын тобының атауы, курсы, мамандығы);
► Визит картасы (жетекшінің тәрбие жұмысындағы шығармашылық ізденісі, жаңалығы, қол жеткізген нәтиже көрсеткіштері т.б.);
► Топты зерделеуге арналған диагностикалық әдістемелер, топтың бейімделуіне байланысты ұсынылатын немесе қолданылып жүрген әдістері;
► Топ жетекшісінің жылдық жұмыс жоспары;
► Топ жетекшісінің семестр бойынша атқарған жұмыстарының есебі;
► Топ жетекшісінің старостаның немесе топ білім алушысының топ туралы бұқаралық ақпарат құралдарына берген мақалалары;
► Ата-анамен байланыс журналы;
► Өткізген іс-шараларының, топ сағаттарының әзірлемелері, қатысқан қоғамдық іс-шараларының жоспарлары т.б.;
► Топ студенттеріне, топ жетекшісіне берілген мадақтамалар, грамоталар, сертификаттар, алғыс хаттар және басқа да марапаттар (көшірмелері);
► Фото және видеоматериалдар (топ кураторының портфолиосын қорғауы – 5-7 минут.)
► «Менің сүйікті тобым» тақырыбындағы эссе, «Үздік педагогикалық идеялар» тақырыбында тәрбие мәселесіне озық ойлар қосу, жаңалықтар енгізу, ұсыныстар айту.

ЕСКЕРТУ: ***Байқауға 2020-2021 оқу жылының құжаттары тапсырылады.***

VI. Байқау қорытындысын шығару және сарапшылар тобының міндеттері:

6.1 Байқауды ұйымдастыру, өткізу, қорытындысын шығару және жеңімпаздарды анықтауды сарапшылар тобы жүзеге асырады.
6.2 Байқауға ұсынылған материалдарды сараптау.
6.3 Қорытынды шығару, байқау жеңімпаздарын анықтау.
6.4 Байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлері туралы шешімі ұпай берумен қабылданады. Егер шешімге сарапшылар тобы мүшелерінің жартысынан көбі дауыс берсе, шешім қабылданады. Ол сарапшылар тобының төрағасы мен хатшының қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.
6.5 Әрбір көрсеткіш 5 (бес) балдық жүйемен жүзеге асырылады.

Топ жетекшісінің портфолиосын бағалау:

-тәрбие жұмысының мақсаты, міндеттерінің нақтылығы, дәйектілігі;
-тәрбие жұмысының жүйелілігі;
-топ жетекшісінің жоспары (өз уақытында жасалуы, шығармашылығы, ізденімпаздығы, жаңашылдығы);
-тәрбие жұмысының авторлық ерекшелігі;
- топ жұмысын БАҚ-та, әлеуметтік желілерде жариялауы;
- топ жетекшісі туралы пікірлері (студент, ата-аналар, әріптестер тарапынан);
- колледж психологімен бірлесе жұмыс атқару деңгейі.

Топ жетекшісінің байқауға ұсынған эссесін бағалау:

-мазмұны тақырыпқа сәйкес келеді;
-тақырыптың толық ашылуы;
-өзектілігі, әлеуметтік мәні;
-нәтижелерін тұжырымдай және дәйектей алуы;
-шығармашылықпен және өздігінше ой толғай алуын білдіруі.

Топ жетекшісінің байқауға ұсынған «Үздік педагогикалық идеялар» тақырыбындағы әдістемелік көмекші құралын бағалау:

-тәрбие мәселесіне озық ойлар қосу,
-жаңалықтар енгізу,
-ұсыныстар айту;
- тәрбиелеу және дамыту жұмыстарында қолданатын технологиялар.

VII. Байқау қатысушыларын марапаттау:

-Бас жүлде «Үздік топ жетекшісі-2021» атағы;
-Бірінші орын;
-Екінші орын;

-Үшінші орын;

Номинациялар:
- «Шығармашыл топ жетекшісі»
- «Жаңашыл топ жетекшісі»
- «Белсенді топ жетекшісі»
- «Ізденімпаз топ жетекшісі»

1. Бас жүлде «Ең үздік топ жетекшісі-2021» атағын алған топ жетекшісі ақшалай марапатталып, облыстық байқауға жіберіледі.
2. Жеңімпаздар дипломдармен марапатталады. Қатысушыларға қатысқаны үшін сертификат беріледі.

Байқауға жауапты: басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, жастар ісі комитеті инспекторы, психологтар.

Құжаттар 2021 жылдың 20 сәуірге дейін қабылданады. Байқау 2021 жылдың 12 мамырында өтеді.

«Үздік топ жетекшісі-2021»
байқауына қатысу туралы
ӨТІНІМ

Топ жетекшісінің аты-жөні:	
Лауазымы, санаты:	
Жетекшілік жасайтын тобының атауы, курсы, мамандығы:	
Байқауға қатысудағы мақсаты:	
Еңбек өтілі (топ жетекшісі ретінде)	
Өтінім жіберілген күні:	